«Әке – отбасы тірегі»

Бақытты отбасы дегенде көпшілігіміздің көз алдымызға қайратты әке, мейірімді ана, жадыраған балалар келеді. Шынында да солай. Отбасының бақыты үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Жанұя мүшелерінің сыйластығы, махаббаты, бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болса жетіп жатыр.

Адам баласы өмірді отбасы арқылы тани бастайды, яғни ең маңызды базалық танымды отбасынан алады. Ата-анасы, бауырлары баланың өмірінде үлкен рөл атқарады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – деп бекер айтылмаса керек. Отбасы – баланың эмоционалды, рухани құндылықтарды бойына сіңіретін ортасы. Ата-анасы балаға тәлім-тәрбие береді, жақсы мен жаманды ажыратып, адамдармен қарым-қатынас жасауды үйретеді. Басқа сөзбен айтқанда, отбасы – үлкен өмірге дайындайтын мектеп. Ал сапалы «білімді» қайдан, қандай ортадан алуға болады? Әрине, өзара гармонияда, бақытты ортада өмір сүретін, сол бақытты жасай алатын адамдардан алады. Осындай бірлігі жарасқан отбасынан шыққан адам ғана өзінің отбасын бақытты ете алады, өмірде жолы болатын тұлға ретінде қалыптасады.

Бүгінгі таңда да қазақ отбасы әкенің рөлін құрметтеп, оның тарихи және рухани маңыздылығын ұмытпауы керек. Өйткені әке тәрбиесі – ұрпақтың ғана емес, ұлт болашағының кепілі. Қазақ халқының тарихында әкенің орны әрдайым ерекше болған. Ол тек отбасының тірегі ғана емес, бүкіл елдің ұйытқысы ретінде бағаланған. Әке – баласына өмірлік жол көрсетуші, ал ұлы мен қызы сол тәрбиені болашаққа жеткізуші.

Набережное ауылының бақытты отбасының бірі - ол Айбеновтар жанұясы, ал сол үйдің асқар тауы, рухани жетекшісі Зейнелғабиден атамыз. Зағира тәтеміз екеуі 50 жылдан аса тұрмыс құрып, бүгінде еліміздің үлгілі отбасының бірі. Мамыр айында атамыз 80 жылдығын тойлауда.

Кеңшар кезінде Зейнелғабиден атамыз кеңшар жұмыскерлері кооперативінде жүргізуші болып жұмыс жасаған - Ол көлікті жақсы жүргізді, жұмысына тиянақты, еңбеккор, адал, уақытында келіп, уақытымен жеткізеді, - дейді бірге істеген әріптестері. Оның отыз жылдық жүргізуші өтілі бар. Кеңшар ыдырағаннан кейін, 1990 жылдан бері №2 Чернорецк жалпы білім беру мектебінде, зейнеткерлікке дейін күзетші болып жұмыс жасады.

«Ақылды әйелдің ішінде - алтын бесікті ұл жатар» деп аталарымыз айтқандай, барлығы да ата-анаға, олардың қалай тәрбие бергеніне байланысты деп ойлаймын. «Қыз ақылды ескермес - ана үлгісін көрмесе, ұл жарылқап ас бермес - әке үлгісін көрмесе», - деп Қорқыт атамыз айтып кетті емес пе?! Сондықтан Зейнелғабиден атамыз бен Зағира тәтеміз Қарлығаш, Сандуғаш, Ляззат есімді қыздарын, Қанат атты ұлын кішкентайынан жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке, адалдыққа, үлкенді құрметтеп, шыншыл болуға үйреткен. Енді сүйікті немерелеріне тәрбие беріп келеді. «Ел ағасы», «ел анасы» дейтіндей атамызбен, тәтеміз. Ауылымыздың ең сыйлы отбасының бірі.

Сексеннің сеңгіріне көтерілген атамызға дүниедегі бар жақсылықты тілегіміз келеді. Амандық болсын! Арамызда аман-есен жүре беріңіз! Немере-шөберелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларына қатысып, төрінде дәл қазіргідей қуанып отыра беріңіз!

Құтты болсын бүгінгі, сексен атты жасыңыз.
Жаратқаным жар болып, жүзге қадам басыңыз.
Отбасыңыз аман боп, көңіліңіз жайлансын.
Бүгінгі бұл жасыңыз, жүз жасқа кеп айналсын.
Әр күніңіз қуантып, бақытына бөлесін.
Немерелер, шөбере, ән-жырымен тербесін.

Раушан Жампейісова, кітапханашы

■ Руханият

Құрбан айт мерекесін өткізу тәртібі түсіндірілді

Биыл қасиетті мереке 27-29 мамыр аралығында өтеді. Құрбан айт - мұсылман қауымы үшін ең ұлық діни мейрамдардың бірі. Бұл күндері жамағат мешіттерге жиналып, Айт намазын оқып, бір-біріне ізгі тілектер айтып, амандық пен береке тілейді. Сонымен қатар, мұқтаж жандарға көмек көрсету, ағайын-туысты аралау, ата-баба рухына құран бағыштау секілді игі амалдар кеңінен жасалады.

27 мамыр күні таңғы сағат 06:00-де облыстың барлық мешіттерінде Айт намазы бір мезгілде оқылады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Павлодар облысы бойынша өкіл имамы, Мәшһүр Жүсіп мешітінің бас имамы Жолдас қажы Бердімұратұлы мұсылман күнтізбесіндегі Зұлхижжа айының ерекшелігіне тоқталды. Оның айтуынша, бұл айда қажылық пен құрбандық шалу құлшылықтарына ерекше мән беріледі.

- Бұл жыл мұсылмандардың күнтізбесіне сәйкес 1447 жыл деп бекітілген. Зұлхижжа айы келген кезде біз екі нәрсеге қатты көңіл бөлеміз. Біріншісі - қажылық құлшылығы, екіншісі - құрбандық шалу. Биыл Құрбан айт мамыр айының 27, 28, 29 күндеріне сәйкес келеді. Осы үш күн бойы қасиетті мерекені қарсы аламыз, - деді бас имам.

Сондай-ақ, ол 26 мамыр - Арафа күні екенін айтып, шамасы келетін жандарды бір күн ораза ұстауға шақырды.

- Пайғамбарымыздың хадисінде «Кім Арафа күні ораза ұстаса, Алла тағаладан оның екі жылдық күнәсін кешіреді деп үміт етеміз» делінген. Сондықтан халықты 26 мамыр күні ораза ұстауға шақырамыз, - деді ол.

Бас имамның сөзінше, құрбандық шалу Айт намазы оқылғаннан кейін ғана басталады.

- Айт намазын оқымай тұрып құрбандық шалуға болмайды. Құрбандық шалу уақыты айт намазынан кейін басталып, 29 мамыр күні күн батқанға дейін жалғасады, - деді Жолдас қажы Бердымұратұлы.

Биыл Павлодар қаласында құрбандық шалуға арнайы орын ретінде «Құлагер» ипподромының аумағы белгіленген. Мұнда санитарлық және ветеринарлық талаптарға сай жағдай жасалған. Атап айтқанда, қоқыс контейнерлері орнатылып, су мен электр жарығы тартылған. Сонымен қатар, медицина қызметкерлері мен коммуналдық қызмет өкілдері кезекшілік етеді.

Облыстың қала-аудандарында да арнайы мал сою орындары дайындалған. Дегенмен жеке үйде тұратын тұрғындарға өз ауласында құрбандық шалуға тыйым салынбайды.

Басқосу барысында құрбандық шалудың шариғаттағы талаптары да түсіндірілді. Қой мен ешкі бір жастан жоғары, ал сиыр екі жастан асқан болуы тиіс. Қой мен ешкіні бір адам шалса, ірі қараны жеті адам бірігіп шалуға болады.

- Құрбандық етін үшке бөліп тарату - абзал амал. Бір бөлігі өзіне, бір бөлігі туыстарға, бір бөлігі мұқтаж жандарға беріледі. Алайда барлық етін садақа қылып қалдырамын деген адамдар болса, ол да өз еркінде, - деді бас имам.

Бұдан бөлек, биыл құрбан шалудың онлайн форматы да жалғасады. Арнайы іске қосылған qurban2026 сайты арқылы тұрғындар қой немесе ірі қараға тапсырыс бере алады. Құрбандық шалынғаннан кейін фото және видеоесеп тапсырыс берушінің WhatsApp нөміріне жіберіледі.

Құрбан айт күндері облыстағы «Мәшһүр Жүсіп» мешітінде ұлттық ойындар мен рухани-мәдени шаралар ұйымдастырылады. Іс-шаралар 27 мамыр күні сағат 14:00-де басталады.

Pavlodarnews.kz

■ ТЖБ ескертеді

«Терек мамығы – өрт қаупінің көзі»

Жаз мезгілінің басталуымен бірге көшелерде, аулаларда және тұрғын үйлер маңында терек мамығы көбейеді. Терек мамығының тез тұтанатын қасиеті болғандықтан, өрт шығу қаупі артады. Әсіресе құрғақ әрі желді күндері оның жануы өте қауіпті.

Терек мамығы сөндірілмеген темекі тұқылынан, сіріңкеден немесе балалардың отпен ойнауынан тез тұтанып, жалынның үлкен аумаққа таралуына себеп болуы мүмкін. Соның салдарынан тұрғын үйлерге, шаруашылық құрылыстарға және көлік құралдарына зиян келуі ықтимал.

Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрғындарға келесі ережелерді ұстану ұсынылады:

– терек мамығын өртемеу;
– темекі тұқылын жерге тастамау;
– балаларды қараусыз қалдырмау;
– аулалар мен аумақтарды мамықтан және қоқыстан уақтылы тазарту;
– ашық отты пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау.

Құрметті тұрғындар! Өрттің алдын алу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Қауіпсіздік ережелерін сақтап, өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыз. Өрт жағдайы туындаған кезде 101 немесе 112 нөміріне хабарласу қажет.

Мадияр Имахмет,
Павлодар ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты

Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Павлодар орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының Павлодар орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінің жерлерінде жалпы ауданы 379,0 га орман дақылдарын құру» жұмыс жобасының ҚОӘБ (қоршаған ортаға әсерді бағалау) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды. Мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ворушина көшесі, 92, тел.: +7 777 866 16 88.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында https://ndbecology.gov.kz/ және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ порталда құжаттама жарияланған күннен бастап 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 2026 жылғы 11 маусымға дейін (қоса алғанда) он жұмыс күні ішінде қабылданады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Павлодар орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ.Мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ворушина көшесі, 92, тел.: +7 777 866 16 88.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Grand Master Company» ЖШС, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Радуга» бау-бақша серіктестігі, 1-үй, тел.: +7 701 738 21 03.

Жоспарланып отырған қызмет бойынша қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында алуға, сондай-ақ тиісті құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: электрондық пошта – grandmaster_kz@mail.ru, тел.: +7 701 738 21 03. Қоғамдық тыңдауларды жария талқылау нысанында үйлестіруге жауапты жергілікті атқарушы орган – «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, бас маман Бухина Раушан, электрондық мекенжайы: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, телефон: 8 (7182) 32-16-81

Меншік иесі: «Редакция Павлодарской районной газеты» ЖШС
Павлодар аудандық «Zaman tynysy» газеті Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 17.05.2019 жылы №17713-Г куәлігі берілген.
Мекенжайы: 140000, Павлодар қаласы, Лермонтов көш., 44-үй, телефон: 62 89 80
Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі мүмкін. Жарнама мәтініне жарнама берушілер жауап береді.
Газет аптасына бір рет шығады
E-mail: zaman4444@mail.ru
Газет “Дом печати” ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қаласы, Астана көшесі 143. Көлемі 3 б.т.
Индекс 66971
Таралымы:1001
Тапсырыс №603
ДИРЕКТОР (бас ред.) Д. ҚАРЖАУОВА